



## **Фискалды жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 1034

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі

Z952235\_

Заңына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1-3.

<\*>

Ескерту. 1-3-тармақтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.18. N  
449 қаулысымен.

P020449\_

4. "Халықпен ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде фискалды  
жады бар бақылау-касса аппараттарын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1997 жылғы 15 қантардағы N 67

P970067\_

қаулысы 1-4-тармағының  
(Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1997 ж., N 1, 13-құжат) күші жойылды  
деп танылсын.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 6 тамыздағы  
N 1034 қаулысымен  
бекітілген

Фискалды жады бар  
бақылау-касса машиналарын қолдану

## ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235\_ Заңына сәйкес әзірленді және тұтынушылармен есеп айырысулаr кезінде фискалды жады бар бақылау-каcса машиналарын қолдану тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі үfымдар:

1) фискалды жады бар бақылау-каcса машинасы (бұдан әрі - бақылау-каcса машинасы) - фискалды жады бар блокпен бірге электрондық құрылғы және (немесе) реттелмейтін ауысым сайынғы тіркеу мен ақпаратты ұзақ уақыт сақтауда энергияға тәуелсіз қамтамасыз етуші тауарларды сату мен қызмет көрсету кезінде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысулаrды тіркеу үшін пайдаланылатын банктік компьютер жүйелері;

2) банктік компьютер жүйелері - бағдарламалық-аппараттық құралдардың компьютерлік кешені;

3) тұтынушылар - қолма-қол ақша, банктік төлем карточкалары мен чектері арқылы тауарларды, қызмет көрсетулер мен жұмыстарды сатып алушы тұлғалар;

4) техникалық қызмет көрсету орталықтары - бақылау-кассалық машиналарды жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жеке (занды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын тұлғалар) және (немесе) занды тұлғалар;

5) бақылау чегі - тауарларды сатып алу (қызмет көрсету) кезінде тұтынушыға берілетін чек, оны басу кезінде бақылау-каcса машинасының фискалды жадында көрсеткіштердің өзгеруі болады;

6) фискалды белгі - бақылау-каcса машинасының фискалды режимде жұмыс істейтінін растайтын бақылау чектерінде болатын айырым нышаны;

7) фискалды режим - фискалды жадында мәліметтерді тіркеуді қамтамасыз ететін бақылау-каcса машинасының жұмыс істеу режимі;

8) фискалды есеп беру - фискалды жадының есеп беруі;

9) Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалды жады бар бақылау-каcса машиналары үлгілерінің Мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға жіберілген бақылау-каcса машиналары үлгілерінің тізбесі.

## 2. Бақылау-касса машинасының жұмысын ұйымдастыру

3. Салық төлеушілер бақылау-касса машинасын міндettі түрде қолданумен және тұтынушының қолына бақылау чегін берумен бірге қолма-қол ақша, банктік төлем карточкалары, чектері арқылы сауда операциялары немесе қызмет көрсету кезінде жүзеге асырылатын тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуларын жүргізуге міндettі.

Осы тармақтың ережесі:

акцизделген тауарларды сатушылардан басқа (темекі бұйымдарынан басқа), патент негізінде кесімді жиынтық салықты төлеумен қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ Астана, Алматы қалаларындағы және 100 000 адамнан астам халқы бар облыстық маңызы бар қалалардағы белгіленген тұрақты үй-жайларда бөлшек сауданы жүзеге асыратын;

акцизделген тауарларды (темекі бұйымдарынан басқа) сатушы жеке тұлғалардан басқа, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап алты айлық кезең аяқталмаған жеке тұлғаларға қолданылмайды.

4. Бақылау-касса машиналарын қолдану ережесінің сақталуын бақылауды салық органдары жүзеге асырады.

5. Салық төлеушілер:

1) техникалық қызмет көрсету орталықтары оның пайдалануға берілуі, жүргізілген жөндеу жұмыстары мен ондылығын тексеру туралы мәліметтерді бақылау-касса машинасының паспортына енгізуге;

2) бақылау-касса машинасын пайдалану кезінде 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бақылау-касса машинасы арқылы жүргізілген қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын толтыруға;

3) осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген ақаулардың бірі туындаған жағдайда, бақылау-касса машинасын пайдалануды тоқтатуға және бұл туралы салық органдарына жазбаша түрде хабарлауға міндettі.

Бақылау-касса машинасы арқылы өткізілген қолма-қол ақшаларды есепке алу кітабы салық органында тігілген, нөмірленген және тіркелген болуы тиіс. Айырбастау пункттерінде, металлдардың сынықтары мен шыны ыдысты қабылдау пункттерінде, ойын бизнесінде ақшалай есеп айырысуарды жүзеге асыру кезінде салық төлеуші 2-қосымшаға сәйкес, қолдану саласының ерекшеліктерін ескере отырып, Бақылау-касса машинасы арқылы өткізілген қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын толтыруға міндettі

6. Бақылау-касса машинасы мынадай жағдайларда, егер:

1) баспаса, анық баспаса немесе бақылау чегіндегі деректемелер толық

басылмаса;

2) салық органдарының бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті фискалды жадында бар мәліметтерді алуға мүмкіндік бермесе;

3) осы Ереженің 5-тармағындағы 1) тармақшада көрсетілген мәліметтер жоқ немесе техникалық қызмет көрсету орталығының пломбасы жоқ болса немесе булінсе, дайындаушы зауыттың таңбалашы жоқ болса ақаулы деп есептеледі.

7. Бақылау-касса машинасының фискалды есеп беруі салық органдарының рұқсаты бойынша мынадай жағдайларда:

1) салық органдарының тексерулерді жүргізуі кезінде;

2) фискалды жадының блогын ауыстыру кезінде;

3) салық төлеушінің ауысуы кезінде;

4) бақылау-кассалық машинасын пайдалануға енгізу және пайдаланудан шығару кезінде алынады.

3. Салық органдарында бақылау-касса машиналарын есепке қою

8. Бақылау-касса машиналарын есепке қоюды бақылау-касса машинасын пайдалану басталғанға дейін оның қызметін жүзеге асыру орны бойынша салық органдарында салық төлеуші жүргізеді.

Есепке алуға Мемлекеттік тізілімге енгізілген бақылау-касса машиналары жатады.

9. Бақылау-касса машиналарын Мемлекеттік тізілімге енгізу тәртібін және оларға қойылатын техникалық талаптарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейді. Банктік компьютерлік жүйелер Мемлекеттік тізілімге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген қорытынды негізінде енгізіледі.

10. Бақылау-касса машиналарын есепке қою үшін салық төлеуші мынадай құжаттарды:

белгіленген нысандағы өтінішті (3-қосымша);

занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесін (жеке кәсіпкер ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлік);

бақылау-касса машиналарына техникалық қызмет көрсетуге техникалық қызмет көрсету орталығымен шартты;

бақылау-касса машинасының паспортын;

Айырбас пункттерінде металдардың сынықтары мен (немесе) шыны ыдысты қабылдау пункттерінде, ойын бизнесінде ақшалай есеп айырысулады жүзеге асыру кезінде қолдану саласының ерекшеліктерін ескеріп, Бақылау-касса машинасы арқылы өткізілген қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын (2-қосымша) немесе Бақылау-касса машинасы арқылы өткізілген қолма-қол ақшаны есепке алу кітабын (1-қосымша) ұсынады.

11. Есепке қою өтінішті беру сәтінен бастап үш күннен кешіктірмей Бақылау-касса

машинасын (5-қосымша) есепке алу карточкасын салық төлеушіге берумен бірге Бақылау-касса машиналарын (4-қосымша) есепке алу кітабында бақылау-касса машинасы турага мәліметтерді енгізу жолымен жүргізіледі.

Есепке қою кезінде бақылау-касса машинасына тіркеу нөмірі беріледі.

12. Егер салық төлеуші осы Ереженің 8-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды бермесе, есепке қою жүргізілмейді. Салық төлеушінің көрсетілген кедергілерді жоюы кезінде есепке қою жүргізіледі.

13. Бақылау-касса машинасын есепке қоюға арналған өтініште көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, салық төлеуші 10 күнтізбелік күн ішінде салық органын осы турага хабардада етуге міндетті.

Есепке алу карточкасы бақылау-касса машинасын пайдаланудың бүкіл

мерзімі ішінде салық төлеушіде сақталады және салық органдарының талап етуі бойынша көрсетіледі.

Бақылау-касса машинасының пайдаланудан шығарылуы кезінде ол есептен шығарып тастауға жатады. Мұндай жағдайда, салық төлеуші Бақылау-касса машинасын есепке алу карточкасын салық органына тапсырады. Бақылау-касса машинасын есепке алу карточкасы оны есептен алғаннан кейін бес жыл бойына салық органында сақталады.

#### 4. Бақылау чегі

14. Бақылау чегінде мынадай ақпарат:

- 1) салық төлеушінің атауы;
- 2) СТН;
- 3) бақылау-касса машинасының зауыт нөмірі;
- 4) бақылау-касса машинасының тіркеу нөмірі;
- 5) чектің реттік нөмірі;
- 6) сатып алу (қызмет көрсету) жасалған күні мен уақыты;
- 7) тауар (қызмет көрсету) бағасы және (немесе) салықтарды ескере отырып, сатып алу сомасы;
- 8) фискалды белгісі болуы тиіс.

15. Тұтынушыға берілетін бақылау чегінде, бақылау ленталарында оны қолдану салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, бақылау-касса машинасына техникалық талаптармен көзделген қосымша басқа да мәліметтер болуы мүмкін.

#### 5. Қорытынды ереже

16. Осы Ережені бұзыу заннамамен белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

Бақылау-касса машинасының тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_

Салық төлеуші, СТН \_\_\_\_\_

Филиалы (өкілдік), СТН \_\_\_\_\_

Бақылау-касса машинасы арқылы жүргізілген қолма-қол

ақшаны есепке алу

Кітабы

200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды.

200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды.

---

Күні! Касса.! Сандауыштың сомалық! Чектердегі! Артық немесе ! Жауапты ! Салық

! дағы ! дерегі ! қайтару ! кем шығуы ! тұлғаға ! төлеу.

! күн ! ! ! туралы деректер! кассадан! шінің

! бас. ! ----- ! ----- ! ----- ! төлеу ! қолы

! тал. ! күннің! бір ! күн. ! саны! сома.! саны ! сомасы ! ! !

!ғанда.! баста.! күн. ! нің ! ! сы ! ! ! ! !

!ғы со.! луына ! дегі ! соңы.! ! ! ! ! !

! ма ! ! тұсім! на ! ! ! ! ! !

---

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11

---

---

Ескерту: Кітап нөмірленген, тігілген және салық органының мөрі басылған болуы тиіс.

2-қосымша

Бақылау-касса машинасының тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_

Салық төлеушінің, СТН \_\_\_\_\_

Филиалы (өкілдік), СТН \_\_\_\_\_

Қолданудың айрықша саласын ескере отырып, бақылау-касса машинасы

арқылы жүргізілген қолма-қол ақшаны есепке алу

Кітабы

200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды.

200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды.

---

Ата.! Касса.! Қыз. ! Сандауыштың! Чектерде.! Қате тө. ! Қызымет.! Касса.! Салық  
уы ! дағы ! меттік! сомалық ! гі қайта.! лемдер ! тік шы.! дағы ! төлеушінің

!күн !кіріс !дерегі !ру !туралы !ғыс !күннің! қолы  
!бас. ! ! ! ! !деректер ! !соңын.!  
!тал. ! !-----!-----!-----! !дағы !  
!ғанда.! !сатып!сату!саны!со. !саны!со. ! ! !сома !  
!ғы со.! ! алу ! ! !масы! !масы! ! ! !  
!ма ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

---

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11 ! 12

---

Ескерту: Кітап нөмірленген, тігілген және салық органының мөрі басылған болуы тиіс.

### 3-қосымша

---

бойынша Салық комитетінің төрағасына

---

### Отініш

\_\_\_\_\_ маркалы, зауыттық N \_\_\_\_\_ бақылау-касса машинасын есепке қоюыңызды сұраймын.

Есепке қою үшін мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1. Салық төлеушінің толық атауы (аты-жөні) \_\_\_\_\_
  2. Салық төлеушінің орналасқан жері (қызметін жүзеге асыратын орны)
-

3. Қызмет көрсетуші банктің деректемелерінің атауы, шоттың N

4. Фискалды жады бар бақылау-касса машинасын орнату орны

5. Техникалық қызмет көрсетуге шарт жасасқан техникалық қызмет  
көрсету орталығының атауы, шарттың нөмірі \_\_\_\_\_

6. Салық төлеушінің тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_

Қосымша:

- 1) мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің көшірмесі;
- 2) техникалық қызмет көрсету орталығымен шарт;
- 3) бақылау-касса машинасының паспорты.

2001 жылғы "\_\_\_"

Салық органының өтінішті алған күні

(салық органының лауазымды тұлғасының қолы)

4-қосымша

(салық органының атауы)

200 \_\_\_\_\_ жылдарға арналған

Бақылау-касса машиналарын есепке алу

Кітабы

Р/с!Салық !СТН!Бақылау!Бақылау! Техникалық! БКМ есепке алу карточкасын  
N !төлеу.! !касса !касса ! қызмет ! беру туралы белгі  
!шінің ! !машина.!машина.! көрсету !-----  
!атауы ! !сының !сын ор.!орталығының! бақылау-касса ! күні ! Алғаны  
!(аты- ! !үлгісі !нататын! атауы, ! машинасының ! ! туралы  
!жөні)! !(моде. !орын ! шарттың ! тіркелген ! ! ! қолы  
! ! !лі), ! ! күні және ! нөмірі ! ! !  
! ! !зауыт. ! ! нөмірі ! ! !  
! ! !тық нө.! ! ! ! !  
! ! !мірі, ! ! ! ! !

! ! !шығар. ! ! !  
! ! !ылған ! ! !  
! ! !жылы, ! ! !  
! ! !жасаған!  
! ! !елі, ! ! !  
! ! !жасаған!  
! ! !фирма.  
! ! !сы, па.!  
! ! !спорт.  
! ! !тың  
! ! !нөмірі!

---

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

---

Ескерту: Кітап нөмірленген, тігілген және салық органының мөрі басылған болуы тиіс.

5-қосымша

(СТН) \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_ Бақылау-касса машинасын есепке алу карточкасы

Есепке алу карточкасын \_\_\_\_\_  
бойынша салық комитеті \_\_\_\_\_

(Салық төлеушінің аты-жөні/атауы)

берді.

Салық төлеушінің тұратын жері: \_\_\_\_\_

Бақылау-касса машинасы туралы деректер: түрпаты (ұлгісі) \_\_\_\_\_

зауыттық нөмірі: \_\_\_\_\_ жасаған-фирма \_\_\_\_\_

Қолданылу саласы (көрексізін сызу):

сауда; қызмет көрсету саласы; валюта айырбастау; ЖЖМ саудасы; қонақ үйлер мен мейрамханалар үшін; көлік, банктер, қаржы қызметтерін көрсетулер, байланыс, пошта, өзгелер.

Бақылау-касса машинасын орнататын орын: \_\_\_\_\_

бойынша салық комитетінің төрағасы

Күні 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(қолы)

М.О.

Ескерту: Есепке алу карточкасы пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде бақылау-касса машинасы орнатылған орында сақталады, салық органдары өкілдерінің талап етуі бойынша көрсетіледі және есептен шығару кезінде салық органына қайтарылады. Тиісті белгілер карточканың сыртқы бетінде де жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК